

Өнеркәсіптік мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 5 желтоқсан N 1488

Мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикаларының жұмысын тұрақтандыру, инвестицияларды тарту жолымен оларды экономикалық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай мерзімде мүлкінің тозу дәрежесі 50 проценттен асатын өнеркәсіптік мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы объектілерінің тізбесін айқындастын және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жоғарыда аталған объектілерді (мемлекеттік мүлік немесе мемлекеттік акциялар пакеті) заңды және жеке тұлғаларға өндірісті инвестициялау, кредиторлық берешекті өтеу және өндірілетін өнім көлемін қалпына келтіру мен жобалық қуатқа дейін тұрақтандыруға қол жеткізу шартымен қайтарымсыз беруге белгіленген тәртіппен шарт жасассын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1-қаңтарға дейін хабарласын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі